

Нәрікбаев Мақсұтыңа дауыс бер!

Уақыттың өткелі мен сынында,
Бір жақсылық бар екен-ау шынында.
Дүниеге келіпін ғой шыр етіп,
Мың тоғыз жүз елу бірдің жылында.

Өсе келе, белді бекем буыпшын,
Өз бойымнан жамандықты қуыпшын.
О, жаратқан, тәңір ием, анамнан,
Мен осылай сайлау күні туыпшын.

Содан бері Сайлаубай ғой есімім,
Көрдім талай бұл өмірдің шешімін.
Құрдастарым қалжыңдайды
кей кезде,
Бұл есімнің айтыңдаршы несі мін!

Көкейіне әрбір ұлттың жетті деп,
Одан бері қанша сайлау өтті тек.
Айта аламын содан бері осы сөз,
Шар тарапқа тарап сірә, кетті деп.

Бұл өмірдің өткерсек те талайын,
Бір жақсылық сенен іздеп табайын.
Қазағымның ұлдарына ақ пейіл,
Даусыңды бер, айналайын ағайын!

Біткенімен талай-талай тау істер,
Сан ұлтыңмен жарасымды
қауышты ел!
Тек өзіңнің көңіліңнен шығатын,
Нәрікбаев Мақсұтыңа дауыс бер!

Сайлаубай ТОЙЛЫБАЕВ